

БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма төрағасы – Ректоры
проф. Н.О. Дулатбеков

«08/11/2021» 2021 ж.



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-тың академиялық адалдық қағидалары

1. Ұғымдар анықтамалары

Осы Академиялық адалдық қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1.1 Академиялық адалдық - оқу және оқыту процесінде, оның ішінде жазбаша жұмыстарды орындау, оларды бағалау кезінде, плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарды ұстану, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарда, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынастарында адалдық пен қағидаттылықты сақтау тәрізді ұстанымдарды қамтитын, университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын айқындайтын - моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы.

1.2 Білім беру процесіне қатысушылар - білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші персоналы.

1.3 Білім алушы - университетте білім алушы тұлға.

1.4 Оқытушы - өзінің мамандығына, ғылыми біліктілігіне және еңбек шартының талаптарына сәйкес бакалавриат, магистратура және PhD докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды даярлауды жүзеге асыратын университеттің ғылыми-педагогикалық қызметкері.

1.5 Қызметкерлер - білім беру процесіне қатысатын университеттің әкімшілік-басқару, оқу-көмекші персоналы және профессор-оқытушылар құрамы.

1.6 Білімді бақылау - ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау және қорытынды аттестаттау кезінде университетте қолданылатын мониторинг рәсімдері.

1.7 Құжаттық бақылау - бұрмалаудың алдын алу мақсатында құжаттардың дұрыстығы, дәлдігі тұрғысынан зерделеу және талдау негізінде жүргізілетін бақылау түрі.

1.8 Бағаланатын жұмыс - ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау шеңберінде білім алушы орындаған жазбаша жұмыс, электрондық тестілеу, сондай-ақ бітіру жұмысы.

2. Жалпы ережелер

2.1 Қағидалар академиялық адалдық қағидаттарын анықтайды, білім беру процесіне қатысушылардың академиялық адалдықты сақтау бойынша құқықтары мен міндеттерін белгілейді, академиялық адалдықты бұзу түрлерін және оларға жол берген жағдайда шаралар қабылдау тәртібін анықтайды.

2.2 Қағидалар «Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» (ҚР БҒМ 30.10.2018ж. № 595 бұйрығы), «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына» (ҚР БҒМ 20.04.2011ж. №152 бұйрығы), Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың Корпоративтік әдеп кодексіне сәйкес құрастырылды.

2.3 Қағидалар білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін бірыңғай болып табылады.

2.4 Университет қоғамдастығының әрбір мүшесі академиялық адалдықты бұзудың алдын алуды қамтамасыз ету үшін осы Қағидаларды бұлжытпай сақтауға міндетті.

3. Академиялық адалдық қағидаларын іске асырудың мақсаты мен міндеттері

3.1 Осы Қағидаларды іске асырудың мақсаты - академиялық мәдениетті арттыруға жәрдемдесу және білім беру процесіне қатысушылардың академиялық адалдық туралы түсініктерін қалыптастыру.

3.2 Міндеттері:

- білім беру процесіне қатысушылар арасында академиялық адалдықты бұзу фактілерін болдырмау және жою;
- университет ортасында плагиаризмге төзбеушілікке тәрбиелеу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау.

4. Академиялық адалдық қағидаттары

4.1 Адалдық - білім алушылардың оқу жұмыстарының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал әрі ұқыпты орындауы, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың өз міндеттерін сапалы орындауы.

4.2 Автордың және оның құқықтық мұрагерлерінің құқықтарын қорғау - авторлықты тану және бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойын дұрыс жеткізу және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық нысаны болып табылатын туындыларды қорғау.

4.3 Ашықтық - айқындылық, өзара сенім, білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында ақпараттармен және идеялармен алмасу.

4.4 Теңдік - білім беру процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарын өзара құрметтеу, олардың осы Қағидаларды сақтауы және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік.

5. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

5.1 Алдау - белгілі бір жағдайларға, оқиғаларға, деректерге қатысты біреуді саналы түрде адастыру.

5.2 Академиялық ортада алдауға плагиат, көшіру, бұрмалау, ақпаратты немесе техникалық құрылғыларды заңсыз пайдалану және тарату жатады.

5.3 Плагиат - өз еңбегі үшін басқа адамның немесе ғылыми ұжымның ғылыми еңбегін беру, сондай-ақ бөтен туындыны өз атынан жариялау, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған авторлық құқықты бұзу.

5.4 Көшіру - білім алушыларды ағымдық, аралық және қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау шеңберінде бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде пайдалануға тыйым салынған материалдарды пайдалану.

5.5 Бұрмалау - ақпаратты, мәлімдемелерді, деректерді қасақана бұрмалау немесе ауыстыру, оның ішінде жалған медициналық анықтама ұсыну; білім алушылардың оқу жетістіктері базасына рұқсатсыз кіру; жалған оқу құжаттарын, есептер жасау; сынақ кітапшасындағы бағаларды қолдан жасау және жалған қол қою; жұмыстар мен құжаттардағы бағаларды түзету.

5.6 Техникалық құрылғыларды заңсыз пайдалану және бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде олардың көмегімен ақпарат тарату, рұқсат етілмеген жасырын бейне немесе аудио жазбаларды жүргізу.

6. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

6.1 Білім алушы:

1) осы Қағидалармен танысуға;

2) оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге, академиялық ақпаратты алуға және таратуға құқылы. Бұл бостандықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әдеп нормалары мен шектеулерді, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты, қоғамдық тәртіпті, басқа тұлғалардың беделі мен құқықтарын қорғау және т.б. мүдделерді сақтау қажеттілігімен ұштасады;

3) академиялық адалдық қағидаттарын бұзды деп негізсіз айыптаудан барлық заңды тәсілдермен қорғануға құқығы бар.

6.2 Білім алушы:

1) оқыту құжаттарында сипатталған оқытылатын курстардың саясатын орындауға;

2) оқу тапсырмаларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде академиялық адалдықты мүлтіксіз сақтауға;

3) шынайы және сенімді ақпарат көздерін пайдалануға;

4) оқу және ғылыми ақпарат көздеріне міндетті сілтемелермен бағаланатын жұмыстардың барлық түрлерін өз бетінше орындауға;

5) Корпоративтік әдеп кодексінің нормаларын және университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

6.3 Профессор-оқытушылар құрамы:

1) білім алушылардан курс саясатын орындауды және академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды талап етуге;

2) оқыту барысында өз пікірін еркін білдіруге, академиялық ақпаратты алуға және таратуға құқылы. Бұл бостандықтар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әдеп нормалары мен шектеулерді, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты, қоғамдық тәртіпті, басқа тұлғалардың беделі мен құқықтарын қорғау және т.б. мүдделерді сақтау қажеттілігімен ұштасады.

6.4 Профессор-оқытушылар құрамы:

1) оқыту құжаттарында сипатталған оқытылатын курстардың саясатын тұжырымдауға және білім алушыларды онымен таныстыруға;

2) академиялық адалдық қағидаттарын ұстануға;

3) шынайы және сенімді дереккөздерді таңдауда білім алушыларға әдістемелік көмек көрсетуге;

4) ақпарат көздерінің, оның ішінде нұсқамалардың, сілтемелердің, пайдаланылған әдебиеттер тізімінің библиографиялық сипаттамасын ресімдеу тәсілдеріне үйретуге;

5) университетте қабылданған бағалау саясатына сәйкестігін қатаң сақтай отырып білімді академиялық бақылауға;

6) бағаланатын жұмыстарға академиялық адалдық қағидаттарын сақтау тұрғысынан, оның ішінде мәтіннің бірегейлігін өлшеу жөніндегі автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалана отырып сараптама жүргізуге;

7) Корпоративтік әдеп кодексінің нормаларын және университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

6.5 Оқу-көмекші персонал:

1) сапалы орындау үшін қажетті ағымдағы тапсырмалар мен олардың мерзімдер туралы нақты ақпарат алуға құқылы.

6.6 Университеттің оқу-көмекші персоналы:

1) Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға;

2) білім беру процесіне қатысушыларды осы Қағидалардың өзгерістері мен бұзушылықтары туралы уақтылы хабардар етуге;

3) бақылаудың барлық түрлерінің, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың, бітіру жұмысын қорғау нәтижелері бойынша оқу, хаттамалық, есептік құжаттаманы уақтылы ресімдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

6.7 Әкімшілік-басқару персоналы:

1) өз өкілеттіктері шегінде академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету бойынша бөлімшелердің жұмысын регламенттейтін және білім беру процесіне қатысушылардың барлығы орындауға міндетті актілерді шығаруға;

2) өз өкілеттіктеріне қатысты мәселелерді талқылау және шешу бойынша университеттің кез келген құрылымдық бөлімшесінің жұмысына қатысуға;

3) академиялық адалдық саясатын нығайту туралы ұсыныстарды факультеттің және университеттің алқалы органдарының қарауына енгізуге құқылы.

6.8 Әкімшілік-басқару персоналы:

1) Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға;

2) білім беру процесіне қатысушылардың академиялық адалдық қағидастарын сақтауына мониторинг жүргізуге;

3) академиялық адалдық саясатын нығайту үшін түзету және алдын алу шараларын қабылдау бойынша жұмысты үйлестіруге;

4) университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушыларына қатысты әдептілікті сақтауға;

5) осы Қағидаларға, Корпоративтік әдеп кодексіне, университеттің ішкі тәртіп ережелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық адалдықты бұзу деректері анықталған кезде туындайтын жанжалды жағдайларды шешуге;

6) университетте академиялық адалдық қағидастарын бұзуға қарсы іс-қимыл жасауға және оған төзбеушілік танытуға;

7) академиялық адалдық қағидастарын бұзу жағдайлары мен қабылданған тәртіптік жазалау шараларының қатаң есебін жүргізуге;

8) Корпоративтік әдеп кодексінің нормаларын және университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

7. Рәсімдер

7.1 Осы Қағидалар бұзылған жағдайда білім беру процесіне қатысушыларға бұзушылықтың сипаты мен тәртіптік ықпал ету шарасы туралы хабарлама жіберіледі.

Емтихан технологиясының, корпоративтік этика Кодексінің, академиялық адалдық Қағидаларының бұзылуы 1 Қосымшаға сәйкес актімен рәсімделеді.

7.2 Білім беру процесіне қатысушылар Академиялық адалдық қағидаларын бұзу туралы нұсқаумен немесе тәртіптік ықпал ету шарасымен келіспеген жағдайда өтініш түрінде ресімделіп, Академиялық адалдық қағидаларын бұзу дерегі тіркелген сәттен бастап бір тәулік ішінде деканатта тіркелуі тиіс апелляция өткізіледі.

Әкімшілік апелляцияға ұсынылған материалдарды объективті қарауға жауапты болады.

7.3 Плагиатты болдырмау үшін білім алушылардың барлық бағаланатын жұмыстары автоматтандырылған бағдарламалар арқылы жұмыстың бірегейлігі дәрежесін анықтау үшін тексеруден өтеді. Тексеру тәртібі мен рәсімін университет айқындайды.

8. Жауапкершілік

8.1 Білім беру процесіне қатысушылар академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін моральдық және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

8.2 Академиялық адалдық қағидалары бұзылған жұмыстар қабылданбайды және бағаланбайды.

8.3 Осы Қағидалар бұзылған жағдайда қызметкерлерге ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, университеттен шығару сияқты тәртіптік жазалардың түрлері қолданылуы мүмкін.

8.4 Осы Қағидаларды бұзған білім алушы деканның шешімі бойынша бақылау рәсімін қайта тапсыруға, ақылы негіздегі жазғы семестрге жіберілуі мүмкін.

8.5 Факультет деканы академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін білім алушыны оқудан шығару, бітірушінің Diploma Supplement-не академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны жөнінде жазба енгізу туралы ұсынысымен ҚарУ-дың Әдеп кеңесіне жүгінуге құқылы.

8.6 Академиялық адалдық қағидаларын білмеу оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

9. Академиялық адалдық қағидаларын бекіту және қайта қарау тәртібі

9.1 Осы Қағидалар Басқарма отырысында бекітіледі және белгіленген тәртіпте немесе университеттің өзге уәкілетті лауазымды тұлғасы күшін жойғанша дейін қолданылады.

9.2 Қағидалар Қазақстан Республикасындағы білім беру қызметін реттейтін нормативтік актілер, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ жарғысы, Корпоративтік әдеп кодексі өзгерген жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

Басқарма отырысында бекітілді
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ
(08.11.2021ж. хаттама № 27)

**Емтихан өткізу барысындағы бұзушылықтар туралы
акті**

Күні, уақыты _____
Тобы _____
Білім алушының Т.А.Ә. _____
Пәні _____
Емтихан алушы _____

Емтихан өткізу барысында ҚарУ-дың академиялық әділдік қағидасын / Корпоративтік этика кодексін / Емтихан өткізу технологиясын бұзудың төмендегідей жағдайлары тіркелді:

Бұзушылық түрі	Бұзушылық сипаты
1) Ішкі тәртіпті бұзу	<input type="checkbox"/> Білім алушының немесе емтихан алушының емтиханға кешігіп келуі <input type="checkbox"/> Емтихан алушының болмауы <input type="checkbox"/> Емтиханның уақытылы басталмауы <input type="checkbox"/> Басқасы (сипаттау) _____ _____ _____
2) ҚарУ-дың этикалық нормаларының қағидаттарын бұзу	<input type="checkbox"/> Емтихандағы қарым-қатынас этикасын бұзу <input type="checkbox"/> Түсініспеушілік жағдайдың қалыптасуы <input type="checkbox"/> Басқасы (сипаттау) _____ _____ _____
3) ҚарУ-дың академиялық әділдік қағидасын бұзу	<input type="checkbox"/> Шпаргалкалар қолдану <input type="checkbox"/> Гаджеттер қолдану <input type="checkbox"/> Қосымша әдебиеттер, материалдар қолдану <input type="checkbox"/> Курстастарымен /жауап алу мақсатында/ сөйлесу <input type="checkbox"/> Басқасы (сипаттау) _____ _____ _____

Акт жасаған(дар):

Емтихан алушы-оқытушы
(Т.А.Ә, кафедрасын көрсету)

_____ (қолы)

Бұзушылықты тіркеген,
тексеруші тұлға
(Т.А.Ә, лауазымын көрсету)

_____ (қолы)